



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына, «АМАНАТ»
партиясы
фракциясының мүшелеріне**

2023 жылғы 4 мамырдағы № ДС-125

Құрметті депутаттар!

Сіздердің еліміздегі апатты және ескірген тұрғын үйлерді реновациялауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Апатты және ескірген тұрғын үйлердің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй құрылысын республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына (бұдан әрі – Тұжырымдама) сәйкес тұрғын үй қорын реновациялау жобаларын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, жеке инвестициялар тарту, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері арқылы, қаржы институттарының қарыздары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар, жобаны іске асыру барысында тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түскен кірістер есебінен.

Сонымен қатар Бюджет кодексінің 55, 56-баптарына сәйкес апатты тұрғын үйлерді бұзу шығыстары жергілікті бюджет шығыстарына жатады.

Осыған байланысты қолданыстағы заңнама ережелерін, сондай-ақ реновациялау бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың баламалы тетіктерінің бар екенін ескере отырып, қазіргі таңда республикалық бюджеттен қаражат тарту орынсыз деп пайымдаймыз.

«Отбасы банкі» арқылы кредиттік тұрғын үйді қаржыландыру үлгісінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін облигациялар шығаруға қатысты

Тұжырымдамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісу бойынша тұрғын үй салуға, оның ішінде тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламалары шеңберінде тұрғын үй салуға және тұрғын

үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтауға мемлекеттік бағалы қағаздар шығару көлемін болжайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі хаттамаларының шарттарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар шығару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдеріне сәйкес нарықтық жағдайларда, сондай-ақ аталған Тұжырымдама шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда ЖАО қаржыландыруға арналған қаражаттың нысаналы мақсаты тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасына қолданылмайды.

Ұлттық Банк экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларынан біртіндеп шығу бағдарын ұстануды жалғастыруда.

Ұлттық Банктің жеңілдікті қаржыландыру жобаларына одан әрі қатысуы қаралмайды, себебі бүгінгі күні Ұлттық Банктің басымдығы тиімді ақша-кредит саясаты үшін экономиканы кредиттеудің нарықтық тетіктерін дамыту болып табылады.

Жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді беру және тұрғын үйді жекешелендіру құқығын іске асыру мүмкіндігіне қатысты

Бүгінгі күні «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (*бұдан әрі – заң жобасы*) әзірленді, ол Парламент Мәжілісінде қаралуда.

Заң жобасын қарау шеңберінде Парламент Мәжілісінің депутаттары Үкімет қорытындысын алу үшін түзетулер топтамасын жолдады.

Осыған байланысты Сіздер көтеріп отырған апатты тұрғын үйдің орнына берілген тұрғын үйді жекешелендіру мәселесі жоғарыда көрсетілген түзетулерге Үкімет қорытындысын дайындау барысында қаралатын болады.

Жалпы апатты және ескірген тұрғын үйлерді реновациялау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов

Орын.: А.Садыков

Тел.: 74-50-59



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии
«Amanat»

На № ДС-125 от 4 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно реновации аварийного и ветхого жилья, сообщаю следующее.

По финансированию из республиканского бюджета строительства жилья для переселения жителей аварийных и ветхих домов

В соответствии с Концепцией развития жилищно-коммунальной инфраструктуры до 2026 года (*далее – Концепция*), финансирование проектов реновации жилищного фонда осуществляется за счет средств местного бюджета и иных источников.

В частности, путем привлечения частных инвестиций, в т.ч. через механизмы государственно-частного партнерства, займов финансовых институтов, средств субъектов квазигосударственного сектора, а также за счет государственных ценных бумаг, доходов от продажи жилых и нежилых помещений в ходе реализации проекта.

Вместе с тем, согласно статьям 55, 56 Бюджетного кодекса расходы по сносу аварийного жилья относятся к расходам местного бюджета.

Таким образом, учитывая положения действующего законодательства, а также наличие альтернативных механизмов финансирования строительства жилья по программе реновации, привлечение средств из республиканского бюджета на данный момент полагаем нецелесообразным.

Касательно выпуска облигаций для финансирования строительства жилья по примеру финансирования кредитного жилья через «Отбасы банк»

Согласно Концепции, местные исполнительные органы (*далее – МИО*) по согласованию с уполномоченным органом в области архитектурной, градостроительной и строительной деятельности (*далее – уполномоченный орган*), прогнозируют объем выпуска государственных ценных бумаг на строительство

жилья, в том числе в рамках программ реновации жилищного фонда и завершения проблемных объектов жилищного строительства.

В соответствии с условиями протоколов Совета по управлению Национальным фондом Республики Казахстан, выпуск государственных ценных бумаг осуществляется на рыночных условиях, в соответствии с решениями Национального Банка Республики Казахстан, а также условий указанной Концепции.

В настоящее время целевое назначение средств для финансирования МИО не распространяется на программу реновации жилищного фонда.

Национальный Банк продолжает придерживаться курса по постепенному выходу из государственных программ поддержки экономики.

Дальнейшее участие Национального Банка в проектах льготного финансирования не рассматривается, так как на сегодня его приоритетом является развитие рыночных механизмов кредитования экономики для эффективной денежно-кредитной политики.

Касательно возможности предоставления жилища из коммунального жилищного фонда и реализации права приватизации жилья гражданами, единственное жилье которых признано аварийным

В настоящее время разработан проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реформирования жилищной политики» (*далее – законопроект*), который находится на рассмотрении в Мажилисе Парламента.

В рамках рассмотрения законопроекта, депутатами Мажилиса Парламента направлен пакет поправок для получения заключения Правительства.

В этой связи, поднимаемый Вами вопрос по приватизации жилья, представленного взамен аварийного, будет рассмотрен в ходе подготовки заключения Правительства на вышеуказанные поправки.

В целом, вопросы реновации аварийного и ветхого жилья находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Смаилов

Садыков
Тел.: 74-50-59

Список